

Шалқар шабытты жан

Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында жерлесіміз, белгілі ақын, журналист, аудармашы Әбжан Әбілтай жерлестеріне өзінің шығармашылық кешін тарту етті.



Бейсенұрланың ұрпағы.

Сахна шымылдығы кеш несі, ақын Әбжан Әбілтайдың сөзіне жалған композитор Ж. Өмірбектің «Арқалығым, армасың?!» атты анін қалалық «Ініку - Маржан» үлгілі тобының (жетекшісі Қ. Жақыпбекова) орындауымен ашылды.

Әбжан Гапбасұлы 1951 жылы 1 қауірде Қостанай облысы, Амангелді ауданының Ақкісі ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын аудандық «Тың шұғыласы» газетінде бастап, ұзақ жылдар бойы облыстық «Торғай таңы» газетінде, Арқалық қалалық әкімдігінде, ҚР «Білім және ғылым», «Мұнай және газ» министрліктерінде қызмет істеген.

Ә. Әбілтай: «Қарлығаш», «Көктем бояулары», «Жүрекжарды», «Дүниежалған», Жер басып жүрген соң» атты кітаптардың авторы. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарла-

бойынша Эмиль Золяның, Н.В.Гогольдың роман - повестерін, И.Бродскийдің, Е. Елтушенковның, А.Вознесенскийдің, Камол Насруллоһның өлеңдері мен поэмаларын, сондай - ақ Пьер Жюль Прудонның жекелеген ғылыми еңбектерін аударған.

Тағылымды кеште қала әкімінің орынбасары Зауреш Әлмағанбетова қала әкімі Амантай Балғариннің құттықтауын жеткізіп, арқалы ақындардың нығына шапан жапты.

Қалазың құрметті ақсақалдары Орекен Алматы, ҚР Мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбек, ақынның бауыры, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Гапбасұлы сөз сөйлеп, ізгі тілектерін жеткізді.

Қаладағы облыстық мұражай, кітапхана ұжымдары арнайы көрме қойып, шалқар шабытты ақынның өлеңдерін жарыса оқыды.

Торғай-ақпарат

Кешті ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, А. Байтұрсыннов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры Ақылбек Шахметов жүргізді.

Ұлы атам Сейдахмет - жыр тартаны,

Жырына қану еді - жұрт арманы.

Таусылмас Сейдахмет мұхит болса

Мен оның құйып жатқан бір тармағы,- дей шалқар шабытпен жырлаған Әбжан Гапбасұлы кешегі

Арқалы ақынның тартуы

Торғайлықтар үшін сен -
бас қаласың,

Торғайлықтар үшін сен -
астанасың,

Аңсап келсе- сусындар
саяжайсың,

Шаршап келсе - тынығар
баспанасың -

деп өзінің қаласына деген ерекше құрметін өлең жолдарымен жеткізген ақын, журналист, аудармашы Әбжан Әбілтаев арнайы сапармен Арқалыққа келіп кездесу кешін өткізуі жыр сүйер қауымды зор қуанышқа бөледі.

Жалпы, ақындардың қай-қайсысы да өлеңнің отымен кіріп, күлімен шығып, өлең үшін бесік тербеткен аналардай түн ұйқысын төрт бөліп жүреді. Әрине, ақынды Алладан кейін қарықтататын, қолдайтын туған жері, өсіп өнген ортасы міне, осы орайда шабытын шыңдаған, өлеңін ұйып тыңдаған еліне деген сағынышын ақын өзінің өлең жолдарымен жеткізеді. Ақынды ақын ететін туған жерінің сұлу табиғатын және оған деген ерекше сүйіспеншілігі. Кеш несі өзінің туып өскен мекені Сары-торғай туралы жырларын

Астана қаласының «Фили-

ант» баспасынан шыққан «Дүние жалған» жыр жинағына топтастырған.

Ақын өлеңдерінен оның бабалар дәстүріне, өмірде өзі араласқан замандастарына, ағайын-жекжат, дос-жарындарына деген алғаусыз адалдығы айқын көрінеді.

Шынайы шабылтан, терең тебіреністен туған жырларда адам мінезі, тұлға тағдыры орнықты оймен өріліп, өлеңге өзек болған ақын жүрегінен шыққан ерекше ілтипатын, сезім шынайылығын көреміз.

Ақын өлеңдерінен оның адуын мінезін танып, нағыз көкжал жырдың нақ өзі екенін түсінген замандасы ақын Жұмаш Сомжүрек «Нардай тұлғаң бар, Әбжан, ел жүгін қара нардай қайыспай көтеріп, талмай тарта бер дейміз. Өзің айтқандай елің сенен көкжал жырлар күтеді» - деген екен.

Автор №2 ОӘГК-на өзінің 20 данаға жуық кітаптарын сыйға ұсынды.

Осы сыйлығы үшін біздер үлкен алғысымызды білдіргіміз келеді.

Зайра
СЫҒАЕВА,
кітапхана қызметкері.

